

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ алғашқы формалардағы этилен полимерлерінің жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 84 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 16-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшага сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшага сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшага сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік әкелу тарифінің ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертулер мынадай мазмұндағы 75С ескертумен толықтырылсын:

"75С) кедендік құнның 6,5 % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 84 шешімі күшіне енген күннен бастапқоса алғанда 2021 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады;

д) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 39-тобына қосымша ескерту мынадай редакцияда жазылсын :

"Еуразиялық экономикалық одақтың қосымша ескертулері:

1. 3901 40 000 1 кіші қосалқы тауар позициясына меншікті салмағы 0,94-тен төмен этилен-альфа-олефин сополимерлері енгізіледі, егер олар келесі сипаттамалардың біріне немесе бірнешеуіне ие болса:

- құрамында октен-1 болса;
- меншікті салмағы 0,916-дан төмен болса;
- балқу температурасы 120 ° С-тан төмен болса.

2. 3904 10 000 1 кіші қосалқы позицияда:

"поливинилхлоридті эмульсиялық шайырлар" термині бастапқы бөліктерінің мөлшері 0,1-3 мкм болатын, поливинилхлоридті эмульсиялық шайырларды полимерлеу кезінде алынған поливинилхлоридті шайырларды білдіреді;

"поливинилхлоридті микросуспенсиялы шайырлар" термині бастапқы бөліктерінің мөлшері 0,1-3 мкм болатын, поливинилхлоридті шайырларды микросуспенсиялап полимерлеу кезінде алынған поливинилхлоридті білдіреді;

"поливинилхлоридэкстендер шайырлары" термині бөліктерінің мөлшері 20 – 50 мкм болатын поливинилхлоридті шайырларды суспезиялық полимерлеу кезінде алынған поливинилхлоридэкстендер шайырларды білдіреді.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген оларға қатысты кедендей әкелу бажының ставкасын өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі қабылдайтын сезімтал тауарлар тізбесінде ЕАЭО СЭК 3901 40 000 0 коды бар позиция мынадай позициялармен ауыстырылсын.

"3901 40 000 1

– – Еуразиялық экономикалық одақтың осы топқа  
Қосымша 1 ескертуінде көрсетілген сополимерлер

3901 40 000 9

– – өзгелері".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

### **Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қыргыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайлов	Ә. Асрандиев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2020 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 84 шешіміне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасынан алыш тасталатын ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

СЭК ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшеу бірлігі

3901 40 000 0

– меншікті салмағы 0,94-тен  
төмен этилен-альфа-олефин  
сополимерлері

–

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2020 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 84 шешіміне  
№ 2 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одактың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына енгізілетін ПОЗИЦИЯЛАР**

СЭК ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшеу бірлігі
3901 40 000	– меншікті салмағы 0,94-тен төмен этилен-альфа-олефин сополимерлері	
3901 40 000 1	– – Еуразиялық экономикалық одактың осы топқа қосымша 1-ескертуінде көрсетілген сополимерлер	–
3901 40 000 9	– – өзгелері	–

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2020 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 84 шешіміне  
№ 3 ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одактың Брынгай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ**

СЭК ТН	Позицияның атауы	Кедендік баж салығының ставкасы (кедендік құннан пайызben, евротен немесе АҚШ долларымен)
3901 40 000 1	– – Еуразиялық экономикалық одактың осы топқа қосымша 1- ескертуінде көрсетілген сополимерлер	0
3901 40 000 9	– – өзгелері	075C)